


ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП

2021 ж. қаңтар-қазан



111,8
МЛРД ТГ



101,6%
ФКИ

■ Текстиль ■ Одежда ■ Кожа и обувь

\$57,3
МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 89%
ОТӨ 11%




НАРЫҚ

\$1 615
МЛН



ИМПОРТ

Нарық, экспорт және импорт бойынша 2021 ж. қаңтар-қыркүйектегі деректер



ӨҢІРЛЕРДЕГІ ӨНДІРІС

2021 ж. қаңтар-қазандағы жеңіл өнеркәсіп

Жеңіл өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі 2021 жылғы қаңтар-қазанда 111,8 млрд теңгені құрады, бұл, номиналды көріністе 2020 жылғы осы кезеңдегі көрсеткіштен 12,6% жоғары. Өсу барлық кіші салаларда байқалады: тоқыма бұйымдары өндірісі (+5,8%), киім өндірісі (+22), былғары және оған жататын өнім өндірісі (+14,7%).

Жеңіл өнеркәсіп өнімі өндірісінде негізгі үлесті тоқыма өндірісі (57,7 млрд теңге), киім өндірісі (43,2 млрд теңге) және былғары және оған жататын өнім өндірісі (10,9 млрд теңге) құрайды.

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **физикалық көлем индексі** 2021 жылғы қаңтар-қазанда 2020 жылғы қаңтар-қазанмен салыстырғанда 101,6% құрады.

Өсу киім өндірісінің ішкі салаларында (+11,4%), былғары және оған жататын өнім өндірісінде байқалады (+5,1%).

Тоқыма өнімі өндірісінің ішкі саласында төмендеу байқалады (-4,8%).

Киім өндірісі ФКИ 111,4% өсуі төмендегі тауарлар өндірісінің ұлғаюы есебінен болды: ерлерге арналған пиджак және блейзер, жакет, пиджак сияқты куртқалар 2,7 есе; ерлерге арналған трикотаждан костюм, пиджак, шалбар, комбинезон, бриджи және шорты 2,6 есе;

шортымен теннискалар, майкалар, күпәйкелер және осыған ұқсас трикотаждан бұйымдар 49,4%;

трикотаждан басқа ішкі киім 42,4%; ерлерге арналған жұмыс киімі 29,5%; әйелдерге және қыздарға арналған трикотаждан басқа костюмдер мен жиынтықтар 29,4%; свитер, джемпер, пуловер, кардиган, жилет және машинамен немесе қолмен тоқылған осыған ұқсас бұйымдар 21%.

Былғары және оған жататын өнімі өндірісі ФКИ 105,1% өсуі әр түрлі материалдардан жасалған чемодан, саквояж, сөмке, портфель, рюкзак, футляр өндірісінің 6,9 есе, үсті полимер материалдан жасалған су өтпейтін аяқ киім өндірісінің 7,7 есе; спортқа арналған аяқ киім өндірісінің 5,3 есе;

су өтпейтін немесе спортқа арналған аяқ киімдерден басқа, үсті және табаны резеңке немесе полимер материалдардан жасалған аяқ киім өндірісінің 50% өсуі есебінен болды.

ІҚМ терісінен жасалған былғары 19,4%.

Текстильной өнімі өндірісінің 4,8% төмендеуі (ФКИ 95,2%) негізінен мақта талшығы өндірісінің 37%; жуылған майсыздандырылған карбондалған жүн (қой) өндірісінің 36%; мақта жібі өндірісінің 17,5%; мақта мата өндірісінің 8,1%, кілемдер және кілем бұйымдары өндірісінің 10%; киімнен басқа тоқыма емес материалдар және тоқыма емес материалдардан жасалған бұйымдар өндірісінің -7,3% қысқаруына байланысты.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **экспортының көлемі** 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте 57,3 млн. АҚШ долл. құрады, бұл 2020 жылғы осы кезеңнен 22% жоғары. Экспорт жеткізулердің өсуі жеңіл өнеркәсіптің барлық кіші салаларында байқалады. Негізгі экспорттаушы елдер: Ресей, Қытай, Литва.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **импортының көлемі 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте 1 615,3** млн. АҚШ долл. құрады, бұл, **осындай кезеңмен салыстырғанда 31,5%** жоғары. Өсу

Жеңіл өнеркәсіптің барлық кіші салаларында импорт жеткізулердің өсуі байқалады. Негізгі импорттаушы елдер: Қытай, Ресей, Түркия.

2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте ҚР жеңіл өнеркәсібі **нарығының көлемі 1,8** млрд АҚШ долл. құрады (793,8 млрд теңге), онда ОТӨ үлесі 11%, импорт өнім үлесі – 89%.

Сала төрт өңірде жоғары **аумақтық шоғырланумен** ерекшеленеді: Шымкент қ., Алматы және Түркістан облыстарында және Алматы қ. Шымкент қ. жеңіл өнеркәсіп үлесі республика өндірісінің жалпы көлемінің 21,6% жуығын құрайды. Алматы облысында – 14,5%, Түркістан облысында – 11% және Алматы қ. 8,2% жуық.